

## **«Қазақстан Республикасының резиденттігін растау» мемлекеттік қызметін алу бойынша жаднама**

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес (Салық Кодексі) жеке тұлғалар–бейрезиденттердің табыстарына салық салыну тиіс. Банк салық агенті ретінде, Қазақстан Республикасының бюджетіне кейіннен аудару үшін жинақтаушы шоттар бойынша есептелген сыйақыдан жеке табыс салығын ұстап қалуға міндетті.

Бейрезидент - ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген үздіксіз он екі айлық кезеңде 183 (бір жүз сексен үш) күнтізбелік күннен кем уақыт бойы (келу және кету күндерін қоса алғанда) Қазақстан Республикасына келіп-кетіп жүрген шетел азаматы.

Қазақстан Республикасының азаматтығы немесе Қазақстан Республикасында тұруға рұқсаты (тұрғылықты тұруға ықтиярхаты) болып, бірақ келесі тармақтардың біріне сәйкес келмейтін болса, салық салу мақсатында бейрезидент ретінде танылады:

- жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының азаматтығы немесе Қазақстан Республикасында тұруға рұқсаты (тұруға ықтиярхат) болуы керек;

- жеке тұлғаның жұбайы (зайыбы) және (немесе) жақын туыстары Қазақстан Республикасында тұруы керек;

- жеке тұлғаның Қазақстан Республикасында кез келген уақытта тұруы және (немесе) жұбайының (зайыбының) және (немесе) оның жақын туыстарының тұруы үшін қолжетімді, оған және (немесе) жұбайына (зайыбына) және (немесе) оның жақын туыстарына меншік құқығында немесе өзге де негіздерде тиесілі жылжымайтын мүлкі болуы керек.

Жеке тұлға-бейрезидент резиденттігін растау үшін Банкке резиденттігін растайтын құжатты ұсынуы тиіс, оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті береді.

Тұлғаның резиденттігі оның резиденттігін растайтын құжатта көрсетілген әр күнтізбелік жыл үшін расталады.

### **Өтінішті қабылдау және мемлекетті қызметті көрсетудің нәтижесін беру:**

1. кеңсе арқылы;
2. «Салық төлеушінің кабинеті» веб-қосымшасы арқылы;
3. [www.egov.kz](http://www.egov.kz) - «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

### **Өтініш берудің нәтижесі бойынша:**

1. резиденттігін растайтын құжат;
2. мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы негізделген жауап алады.